

Ақтөбе облысының білім саласындағы  
сапаны қамтамасыз ету департамент  
басшысы Г.Сарсенғалиеваға  
«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Әйтеке би ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Нұрсәт»  
мектепке дейінгі ұйым» МКҚК  
басшысы Н.С.Сатқаровадан

**Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің  
16.05.2024 жылғы №18-2-4-06/952 қатынас хаты негізінде жолданған «Ақтөбе  
облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің «Нұрсәт» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорынының мемлекеттік аттестаттау қорытындысында  
көрсетілген бұзушылықтар бойынша кемшіліктер мен ескертулерді жою  
жұмыстары туралы анықтама**

«Нұрсәт» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша мемлекеттік аттестаттау кезінде жіберілген кемшіліктер мен ескертулерді жою 15 қараша 2024 жыл деп белгіленді. Белгіленген мерзімге дейін төмендегідей кемшіліктер мен ескертулер жойылды.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 4-тармақшасының талабын орындау, оның ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31-тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарауының 8 тармағы талаптарына сәйкестендіру, жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуын талапқа сәйкес 2024-2025 оқу жылында кіші-1 топ, ортаңғы, ересек аралас-1 топ жасақталды. Кіші топта 2022 жылғы – 6 тәрбиеленуші, ортаңғы, ересек аралас топта 6 тәрбиеленуші 2021 жылғы және 3 тәрбиеленуші 2020 жылғы. Жас ерекшелігіне сәйкес жасақталып кемшіліктер жойылды. Әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасы ұсынылды.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес әдістемелік нұсқаулар, демонстрациялық материалдар, үлестірмелі материалдар, әдістемелік құралдар, тәрбиеленушілерге арналған цифрлық басылымдармен толықтырылып, әдістемелік ұсынымдардың 5-қосымшасы жасақталып ұсынылды.
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5 тармағына «5. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.» сәйкес МДҰ басшысы Сатқарова Нургул Сатқаровна лауазымдық қызметі бойынша аттестаттаудан 2024 жылдың 23 қыркүйек №336 бұйрығына сәйкес меңгеруші лауазымы бойынша «Үшінші санатты меңгеруші» біліктілік санатын алды. Біліктілік санат куәлігі зерделеуге ұсынылды. Кемшіліктер жойылды.